**БЕКІТІЛДІ:**
**Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры**
**_____________М.К.Улжибаева**
**Бұйрық № 90 н/қ**
**«02» қыркүйек 2022 ж.**

# ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГТЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Баисова Алия Халматовна
(Аты –жөні, тегі)

## 1. Лауазым туралы ақпарат

- Педагог-психолог өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарын ,білім беру жұмысын реттейтін нормативтік және құқықтық актілерді, Қарағанды облысы білім басқармасының және Шахтинск қаласы білім бөлімінің бұйрықтарын, ұйымның Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, директордың бұйрықтары мен өкімдерін орындау барысында осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.
- Педагог-психологты мектеп директоры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.
- Педагог-психолог мектеп директорынан немесе мектеп директорының ақпараттандыру, оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларынан бұйрықтар, өкімдер алады.

## 2. Біліктілік талаптары

- "Педагогика және психология" бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;
- және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 5 жыл;

- және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-шебер үшін кемінде 5 жыл.

### 3. Негізгі тапсырмалары

- Білім алушылардың оқытылатын пәннің ерекшелігін және оқушылардың жасын ескере отырып оқыту және тәрбиелеу.
- Білім алушылардың әлеуметтендіру, жәрдемдесу жалпы мәдениетті, саналы түрде таңдауға және олардың кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруді қалыптастыру.
- Оқу үрдісінде қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау нормаларын қамтамасыз ету.

### 4. Білу керек

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;
- жеке тұлға психологиясы, дифференциалды балалар және жас ерекшеліктері, әлеуметтік, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, патопсихология, психосоматика;
- педагогикалық этиканың нормалары;
- дефектология, психотерапия, сексология, психогигиена, кәсіптік бағдар, мамандану және еңбек психологиясы, психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері;
- белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістері;
- жеке және топтық кеңес берудің, диагностика мен баланың дамуын түзетудің заманауи әдістері,
- еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар;
- терроризмге қарсы ережелер мен қауіпсіздік шараларын.

### 5. Негізгі міндеттері

Педагог-психолог міндетті:

- оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;
- білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарының психологиялық мәдениетін қалыптастырады;
- инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;
- буллингтің, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді;

- білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;
- әр түрлі бағыттағы және бағыттағы психологиялық диагностиканы жүргізеді, оқыту, тұлғалық даму және мінез-құлық проблемаларын уақтылы анықтайды, психологиялық қорытынды жасайды;
- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және оның негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ педагог-ассистенттің іске асыруы үшін балалардағы проблемалық мінез-құлықты жеңу бағдарламаларын әзірлейді;
- әртүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары нысанында психологиялық көмек көрсетеді;
- дарынды оқушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады;
- ата-аналарға, педагогтерге, мамандарға, нақты психологиялық мәселелерді шешуде консультациялық көмек көрсетеді;
- педагогикалық ұжымға, сондай-ақ оқушылардың жеке және әлеуметтік даму проблемалары бойынша оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарына ұсынымдар әзірлеу мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық талдауды жүзеге асырады;
- белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;
- кәсіби құзыреттілікті арттырады, мектеп жасындағы балалармен психологиялық жұмыстың заманауи әдістері мен технологияларын қолданады;
- баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі;
- балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.
- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау;
- жыл сайын жеке декларацияны тапсыру (активтері мен міндеттемелері туралы декларация, кірістері мен мүлкі туралы декларация).

### 6. Сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған кездегі әрекеттер

- Егер педагог-психологта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қабылдауға, оның ішінде ұйым басшысын, уәкілетті мемлекеттік органдарды дереу жазбаша нысанда хабардар етуге тиіс.
- Педагог-психолог өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық жағдайлары, қызметтік әдеп нормаларының бұзылуы және мемлекеттік ұйымның беделін

түсіретін тәртіптік теріс қылықтар туралы, сондай – ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және сыйлықтар алуға итермелеу мақсатында оған қандай да бір адамдардың жүгіну фактілері туралы, сондай-ақ туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы ұйым басшысының назарына дереу жеткізуге міндетті.

## 7. Жауапкершілігі

Педагог психолог Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен:

- оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде іске асыру;
- білім беру процесі кезіндегі оқушылардың өмірі мен денсаулығы;
- окушылардың құқықтары мен бостандықтарын бұзу;
- осы Нұсқаулықта белгіленген Жарғыны және ұйымнның ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, мектеп директорының заңды өкімдерін және өзге де жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамау немесе тиісінше орындамау;
- оқушының жеке басына физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбиелеу әдістерін қолдану, оның ішінде бір мәрте қолдану, сондай-ақ өзге де әдепсіз теріс қылық жасау;
- ұйымға немесе білім беру процесіне қатысушыларға өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауға (орындамауға) байланысты залал келтіру;
- нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзушылықтар үшін жауапты.

## 8. Негізгі құқығы

Педагог кәсібі қызметін жүзеге асыру барысында төмендегі құқықтарға ие:

- тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін таңдау;
- лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергілерден қорғау;
- окушылар мен олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарау және тиісті мінез-құлық;
- -ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау;
- ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу;
- шығармашылық бастама, авторлық бағдарламалар мен оқыту мен тәрбиелеу әдістерін әзірлеу және қолдану, білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамыту және тарату;
- білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, материалдарды және оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдау;
- білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдар мен білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысу;

- жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымды сайлау және атқару;
- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде ұйым қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысу;
- ұйымды басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысу;
- үздіксіз кәсіби даму және біліктілікті арттыру нысандарын таңдау;
- біліктілік санатын мерзімінен бұрын беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызмет;
- кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда кәсіби дағдыларды қолдау және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық шәкіртақысы бойынша тағылымдамадан өту;
- өзіне қатысты қабылданатын актілерге, ұйым директорының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдану;
- оқушылар мен олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан Ар-намыс пен қадір-қасиетті құрметтеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

Таныстым:________________________ "02" ____09______________202 2 ж.

Екінші данасын алдым: ______________ "02" ____09______________202 2 ж.